

6D120100 – Ветеринарлық медицина мамандығының «Ауылшарушылық жануарлары ауруларын диагностикалау, емдеу және алдын алу әдістері» және «Жануарлардың көбею органдары ауруларын диагностикалау, емдеу және алдын алу шаралары» оқу бағдарламаларының ЕРЕКШЕЛІГІ

Оқу бағдарламаларының негізгі мақсаты – докторанттарға аса қауіпті және шетелдік экзотикалық аурулардың таралуын алдын алатын замануи диагностикалық зерттеулерді, ветеринарлық-санитарлық шараларды өткізу туралы сұрақтарды меңгерту болып табылады. Осыған байланысты оқу бағдарламасының мазмұны Кедендік Одақ пен Дүниежүзілік Сауда Ұйымына қосылуға байланысты, сонымен қатар халықаралық ветеринарлық ұйымдардың (ХЭҰ, ӘСҰ, ДДҰ мен т.б.) талаптары мен ұсыныстарына сай жануарлар ауруларын диагностикалау, емдеу және алдын алудың замануи әдістерін жүзеге асыру үшін білім алу мен тәжірибелік икемдерді меңгеруге бағытталған.

Осы оқу бағдарламасында жалпы кредиттер саны – 75, олардың: теориялық оқуға арналған жалпы кредиттер саны – 36, тәжірибелік оқуға (тәжірибенің барлық түрлері) – 6 кредит, магистрлік диссертацияларды жазу мен қорғауға – 28 кредит, мамандық бойынша Мемлекеттік емтихан – 1 кредит.

Білім алушыға элективті оқу пәндерді альтернативті таңдауға мүмкіндік беретін оқу жоспарына арналған элективті пәндердің каталогы жасаған.

6D120100 – ветеринарлық медицина мамандығы бойынша ветеринария докторы мынадай кәсіби қызмет түрлерін атқара алады:

- өндірістік басқарушылық;
- ұйымдастырушылық технологиялық;
- ғылыми-зерттеу;
- жобалау;
- білім алу;
- педагогикалық (7.8 пунктін тәртібін сақтағанда).

6D120100 – ветеринарлық медицина мамандығы бойынша философия докторының (PhD) кәсіби жұмыс міндеттеріне жатады:

1) Адам мен жануарлардың аса қауіпті жұқпалы аурулардан қауіпсіздігін қамтамасыздандыру:

- жануарлардың, құстардың, балықтар мен аралардың жұқпалы және жұқпайтын ауруларын диагностикалау, профилактикалау мен емдеу;
- адам мен жануарларға жалпы аурулардан тұрғындарды қорғау;
- мемлекет аумағын келетін аурулардан қорғау;
- биопрепараттар мен дәрілік заттарды өндіруде және өткізуде ветеринарлық-санитарлық ережелерді сақтау.

2) Экологиялық тазалықты қамтамасыздандыру:

- аумақты антропозоонозды аурулардан қорғау;
- шикі зат пен биопрепараттарды өндіретін кәсіпорындардың, тағамдық өндірістердің сапасыз қалдықтарынан мемлекет аумағын қорғау;
- білімдік;
- ұйымдастырушылық;
- өндірістік-технологиялық;

- жобалық.

БД120100 – Ветеринарлық медицина мамандығы бойынша докторантураның оқу бағдарламалары келесі төмендегі оқу нәтижелеріне бағытталған.

Түсінігі болуы қажет:

-ветеринария мәселелері бойынша тез арада шешетін қажетті алдыңғы қатарлы ғылыми әдістер мен техникалық құралдар туралы;

- ветеринариялық иммунология, микробиология, вирусология, патология, паразитология, генетика, диагностика, терапия, хирургия, фармакология мен токсикология, акушерлік пен гинекология, биотехнология, эпизоотология, гигиена мен санитариясы тұрғысынан жаңа ашылған жаңалықтар туралы;

- ветеринариялық медицина төңірегіндегі ғылыми ізденіс, ойлап табушылық инновациялық жұмыстар туралы;

- ветеринариялық істі ұйымдастыру және басқару принциптері туралы; әлеуметтік саясатты және экономиканы заманауи ғылыми және практикалық тұрғыдан басқару мәселелері жөнінен;

- басқару және сараптау қызметтерін психологиялық және педагогикалық әдістермен реттеу туралы жөнінен.

Білуі керек:

- бакалавриат пен магистратура пререквезиттерін, ветеринарлық ғылымның негізгі даму бағытын;

- әртүрлі ғылыми және қолданбалы мақсаттарды шешу үшін теориялық білімді тиімді қолдану жолдарын пайдалануды;

- халықаралық және отандық стандарттарды, қаулыларды, жоғары мемлекеттік басқару орындарының және мекемелерінің бұйрықтарын;

- Қазақстан Республикасының және әлемдік кеңістіктегі ветеринариялық және нормативтік құжаттарын; атқарылатын жұмысқа тиісті нормативтік және жетекшілік материалдарды;

- мекемелер мен ұйымдардың техникалық даму бағытын; ветеринарияға тиісті Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңнамасының негізгі ережелері мен нормативтік талаптарын;

- және іргелес мемлекеттердегі ветеринария, биология, медицина және ауыл шаруашылығы салаларындағы негізгі өндірістік және ғылыми жетістіктерді;

- ветеринария саласындағы ғылыми жұмыстарды жүргізу әдістерімен тәсілдерін; заманауи дәрілік және биологиялық препараттарды, информациялық технологияның даму жолдары;

- жануарлар мен құстардың жұқпалы және жұқпалы емес ауруларын емдейтін және алдын алатын мекемелердің еңбек ету жұмысын ұйымдастыру және оған қойылатын негізгі талаптарды;

- техникалық құжаттарды дайындау әдістерін, экономика негіздерін, еңбекті ұйымдастыруды, ғылыми және өндірістік жұмыстарын ұйымдастыру жолдарын.

Іскерлігінің болуы:

- алған теориялық білімі мен практикалық дағдысын өзінің фундаменталдық және қолданбалы зерттеу жұмыстарында қолдану;

- кәсіби, ғылыми-ізденіс және педагогикалық іс-әрекеттерінде туындайтын және терең кәсіби білімділікті қажет ететін жағдайларда тиісті міндеттер мен мақсаттарды тұжырымдау және шешу;

- қажетті зерттеу әдістерін таңдай білу; нақты зерттеу әдістеріне сай жаңа әдістерді еңгізу және бұрынғы қолданылып жүрген әдістерді жаңарту;
- алынған мәліметтерді өңдеу, белгілі ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып оларды талдау және ұғыну;
- жұмыстарды белгілі талаптарға сай заманауи редакциялық және баспаны пайдалану арқылы есептер, рефераттар, мақалалар дайындау;
- өзінің алған білімін және жетістіктерін әріптестеріне және ғылыми қоғамға хабардар ету; өзінің жеке шешімдері және зерттеу жөнінде ғылымға үлес қосу;
- ғылым аясын кеңейте түсу; ветеринария ғылымы мен технологиясын жаңа жетістіктерге бейімдеу.

Дағдысы болуы:

ғылыми экспериментальды іс-әрекеттерінен; ғылыми ашық түрде ғылыми баяндама жасаудан; ғылыми хат жазудан; ғылыми коммуникациялардан; ғылыми іс-шараларға қатысу және оларды ұйымдастыру жөнінен; патенттік ізденіс жүргізу; зияткерлік құқықты қорғау; кәсіби функцияларды іске асыру барысында қажетті мақсаттарды іске асыру үшін нақты басқару шешімдерін еңгізу; компьютермен жұмыс істеу және басқа да заманауи техникалық құралдарды қолдану; жаңа білімділік деңгейді, жаңа технологияларды және басқару жүйелерін еңгізу; басқару институттарымен, қоғаммен және әр түрлі топтармен өзара байланыста болуы; жалпы ғылымдық методологияны, логиканы; ғылыми ізденіс жұмыстарды жүргізудің жалпы ғылыми методологиясын, логикасын және технологиясын; өзінің нәтижелерін әр түрлі ғылыми өнімдер түрінде өңдеу; кәсіби, ғылыми ізденіс және педагогикалық іс-әрекеттерінде қажетті көлемде шет ел тілдерін қолдана білу.

Дағдысы болуы:

- ғылыми экспериментальды іс-әрекеттерінен;
- ғылыми ашық түрде ғылыми баяндама жасаудан;
- ғылыми хат жазудан; ғылыми коммуникациялардан;
- ғылыми іс-шараларға қатысу және оларды ұйымдастыру жөнінен;
- патенттік ізденіс жүргізу; зияткерлік құқықты қорғау;
- кәсіби функцияларды іске асыру барысында қажетті мақсаттарды іске асыру үшін нақты басқару шешімдерін еңгізу;
- компьютермен жұмыс істеу және басқа да заманауи техникалық құралдарды қолдану;
- жаңа білімділік деңгейді, жаңа технологияларды және басқару жүйелерін еңгізу;
- басқару институттарымен, қоғаммен және әр түрлі топтармен өзара байланыста болуы;
- жалпы ғылымдық методологияны, логиканы;
- ғылыми ізденіс жұмыстарды жүргізудің жалпы ғылыми методологиясын, логикасын және технологиясын;
- өзінің нәтижелерін әр түрлі ғылыми өнімдер түрінде өңдеу;
- кәсіби, ғылыми ізденіс және педагогикалық іс-әрекеттерінде қажетті көлемде шет ел тілдерін қолдана білу.